

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Сағи Г.К. Сағпазова ✓

Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет
Тақырыбы : «Қош келдің - Әз Наурыз!»

Өткізген №3 «Ботакан»
ересек тобының тәрбиешісі
Қарасаева А.М

2022 – 2023 оқу жылы

«Қош келдің –Әз Наурыз!»
/ Тұсау кесу рәсімі /

Мақсаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру.

Шығыс күнтізбесі бойынша 22-наурыздан бастап,күн мен түннің теңесетінін түсіндіру.Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден айырмашылығын білуге үйрету.Халқымыздың салт-дәстүрлерін сақтауға,ұлттық ойындарды ойната отырып балалардың білек күшін және сөздік қорын дамыту, ептілікке,төзімділікке, жинақылыққа,еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Мереке өтетін жер салт-дәстүрге сай жабдықталған.Балалар ұлттық киімдерімен келеді.Залда әсем әуен ойнап тұр.

Жүргізуші: Құрметті қауым! Бүгін Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесін тойлауға жиналып отырмыз.Наурыз деген сөзді қазақшаға аударатын болсақ «Жаңа күн» деген ұғымды білдіреді.Күн мен түннің теңеліп,табиғаттың оянған күні.

Наурыз –жыл басы,

Наурыз-қуаныш мерекесі

Наурыз-бақыт пен шаттық мерекесі,

Наурыз –көктем мерекесі.

Жүргізуші: келесі кезекті тақпақтарға берейік.

М Айзере:

Қары еріп даланың

Арықтардан су ақты.

Ақ жүзіндей ананың

Күндер өтті шуақты.

Перизат :

Қандай қызық көктемде,

Күн шуағын төккенде.

Гүл тереміз алуан,

Шығып алып көк белге.

Айару:

Көктем күні керемет,

Жаңбыр жауар себелеп.

Күн ашылса болғаны,

Көлбеңдейді көбелек

Ерсұлтан:

Наурыз келді еліме,

Наурыз келді жеріме.

Бақыт,байлық тілеймін,

Барлық қазақ еліне

Ендіше көктем туралы ән шырқайық.

Ән: «Көктем»

Қыздардың биіне кезек берейік!

Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ».

Ойынның шарты: Бұл ойында екі баланың білек сынасуымен орындалады. Екі бала шынтақтарын тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті жерге жықса, сол бала жеңіске жетеді.

Жүргізуші: «Адамның бір қызығы бала деген» - деп халқымыз бекер айтпаған. Шыр етіп дүниеге нәресте келгенде бөркін аспанға атып, қуанбаған жан бар ма. Сол дүние есігін ашқан сәбиге берілетін ұлттық тәрбие, ұлттық салт-дәстүрмен таныстыру кішкентайынан басталады.

Бауырласқа тәнтіміз,

Бұзылмаған салтымыз.

Кең даланың ежелгі

Қазақ дейтін халқымыз,

Өзге ұлттай біздің де.

Бар дәстүр мен салтымыз-дей отырып біз бүгін қазақтың ұлттық салт-дәстүрінің бірі- тұсау кесу рәсмін ұсынамыз. «Тұсау кесу» - баланың ең алғаш қадам басқан тойы. Баланың қадамы нық болып, тез жүріп кетсін деген ырыммен жүрісі жылдам, қимылы ширақ, іске епті қасиеттерімен көзге түсетін, пысық адамға тұсау кесуді тапсырады.

Тұсау кесу дәстүрін бүгінгі бізге қонаққа келіп отырған әжеміз көрсетсін.

Әже: Мен үшін адамгершілікпен асқан асыл қасиет жоқ. Ендеше баламның тұсауын кесейін. (сәбиді кілемнің үстіне шығарып, алдын ала ақ мата жайып тұсауын кеседі).

Тұсау кесудің үш түрі бар.

Тоқ ішекпен кеседі «Тоқ ішекпен кескенім-тоқшылық болсын, бай-бақытты болсын, қадамы жайлы, қазаны майлы болсын дегенім» бала аштық көрмесін, әрқашан тоқ жүрсін деп, тоқ ішекпен тұсау кескен.

«Көк шөппен кескенім-көктей көгерсін, ұрпағым шөптей көп болп өсіп-өңсін дегенім» деп тұсауды көк шөппен кеседі.

«Ала жіппен кескенім-адал болсын дегенім» - деп адамгершілік қасиеті биік болсын, кісінің ала жібін аттамасын деп ала жіппен кеседі.

Қаз-қаз балам, қаз балам,

Қадам бассаң, мәз болам.

Қаз-қаз балам, қаз балам,

Тақымынды жаз балам

Күрмеуінді шешейін

Тұсауынды кесейін

Қадамынды қарайық,

Басқанынды санайық

Қаз-қаз балам, жүре ғой...

(шашу шашылады).

Бұдан соң «Жүйрік бол!», «Шауып кет!» т.б тілектер айта отырып, екі қолынан екі адам жетектеп тез-тез жүгіртеді. Әже бата береді

Бата:

Ардақтаған атаңды,
Мен берейін батамды.
Сыйлап ата-анаңды
Азамат бол саналы
Уа құдайым оңдасын,
Жаманшылық болмасын!
Наурыз тойы құтты болсын!
Ақ мол болсын, халық тоқ болсын,
Уайым қайғы жоқ болсын! Әумин!

Жүргізуші: Балалар бүгінгі мерекеде ұлттық ойын ойнаймыз.

Ойын: «Көтермек»

Ойынның шарты: Ортаға екі бала шығады. Бір-біріне арқасын беріп, белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.

Наурыз туралы тақпақтар:

Аңсаған:

Жылдың басы Наурыз,
Жердің басы Наурыз.
Мерекеге арналсын
Бүгінгі жыр- әніміз.

Көркем:

Наурыз айы келгенде,
Күн шуағы шашылып.
Жылғалардан су ағып,
Ақ әжелер құлпырып.
Наурыз көже пісіріп,
Қонақтарға тартамыз.

Аниса:

Ақ қар кетіп, қыс өтіп,
Шырайлы шуақ жаз жетіп.
Шауаның ұлы кенелген.
Күн мейрамы ежелден-
Құтты болсын бұл Наурыз!

Ән: «Наурыз»

Би: «Ұлдар биі»

Жүргізуші:

Наурыз тойға жайылған,
Әр үйде киелі дастархан.
Әнге қосып бәріміз,

«Дастархан» әнін шырқайық-деп әнге берейік,

Ән: «Дастархан»

Жүргізуші:

Наурыз мерекесі құтты болсын,

Ақ мол болсын-дей отырып осымен мерекелік іс-шарамызды аяқтаймыз.



V

